

БАҒАЛАУ

Оқушыларды бағалау критерийлері мен нормалары

Бағалау жүйесі критериалды бағалау әдістемесіне негізделген және оқушының білім, білік және дағдыларын объективті бағалауды қамтамасыз етуге бағытталған. Бағалау қалыптастырушы және жиынтық түрде жүзеге асырылады.

Үй тапсырмасының көлемі санитарлық нормаларға сәйкес белгіленеді: бастауыш сыныпта — 1 сағатқа дейін, негізгі сатыда — 2 сағатқа дейін, жоғары сатыда — 3 сағатқа дейін. Демалыс және мереке күндеріне үй тапсырмасы берілмейді.

Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалаудың орташа мәні мен бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелері негізінде шығарылады. Жылдық баға тоқсандық бағалардың негізінде қойылады.

Бағалау нәтижелеріне келіспеушілік туындаған жағдайда ата-ана немесе оқушы оқу ісі меңгерушісіне жазбаша өтініш білдіре алады.